



Qazaqstan Respublikasy  
Enbek және halyқты әleymettik  
qorǵay ministrligi



әрбір бала үшін  
for every child  
для каждого ребенка



**268 жасөспірім SAMGAU/USHIFT бағдарламасына қатысты  
ЮНИСЕФ Қазақстан және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау  
министрлігі әлеуметтік мәселелерді анықтау және шешу үшін өмірлік  
дағдылар мен құзыреттерді дамытуда жастарды қолдайды.**

2021 жылдың маусым айында 268 жасөспірім SAMGAU бағдарламасы аясында ұйымдастырылған әлеуметтік мәселелерді анықтау және шешу үшін өмірлік дағдылар мен құзыреттерді дамыту бойынша екі апталық онлайн-курстан өтті.

SAMGAU (UPSHIFT) – БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) және ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау Министрлігінің жастар бағдарламасы. Қазақстанда ол жастар қызметкерлері қауымдастығымен серіктестікте іске асырылуда. Бағдарлама неғұрлым осал жасөспірімдерге (АИТВ және басқа да созылмалы ауруларға шалдыққан, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған мүгедектерге) ерекше назар аудара отырып, инновациялық әлеуметтік жобалар жасау үшін жасөспірімдер мен жастардың дағдыларын дамытуға және нығайтуға бағытталған. Бұдан басқа, бағдарлама жастарға жеке бизнес-идеяларын іске асыру процесінде қолдау мен басшылық береді.

SAMGAU-түрлі елдік және мәдени мәнмәтіндерде қолданылатын әдіснамаға негізделген UPSHIFT жаһандық бағдарламасының Қазақстандық нұсқасы. Ол жергілікті сипаттамаларға тиімді бейімделеді. UPSHIFT сонымен қатар жергілікті деңгейде бизнеспен және азаматтық қоғаммен серіктестіктің жаңа түрлерін құруға мүмкіндік береді. Қазақстанда әдістеме өмірлік дағдыларды нығайту бойынша онлайн-тренингтерді, инновациялар бойынша практикалық семинарларды, тәлімгерлікті және әзірленген шешімдерді пилоттауға арналған шағын гранттарды біріктіреді. Ол осал жастар мен жасөспірімдердің мүмкіндіктерін кеңейтуге және олардың әлеуметтік салада жаңашыл болып қалыптасуына бағытталған. Оқытудың ең жаңа эмпирикалық әдістерін қолдана отырып, бағдарлама жастар мен жасөспірімдерді жергілікті қауымдастықтарда туындайтын мәселелерді анықтауға, зерттеуге және түсінуге және өнімдер немесе қызметтер түрінде тиімді шешімдер жасауға үйретеді.

Өмірлік дағдыларды дамыту бойынша онлайн-курстан басқа, жасөспірімдер әлеуметтік инновациялар бойынша бес күндік онлайн-семинарға (проблемадан инновациялық шешімге дейін) қатысады. Ол аяқталғаннан кейін курс түлектері арнайы үш айлық менторлық бағдарлама аясында менторлардың көмегімен өз жобалары мен идеяларын сынақтан өткізуге көшеді. Сондай-ақ, тренингтер өткізу, қолданыстағы акселерациялық және инкубациялық бағдарламаларға қайта бағыттау арқылы қатысушыларды пост-қолдау қарастырылған.